



*Ана деген сөзге лүпіл қақпайтын жүрек,
мөлдіремейтін жанар жоқ. Әрбір ана отының
өшпеуін, бақытының көшпеуін, шаңырағының
құламауын, сәбиінің жыламауын, сұм соғыстың
болмауын тілейді. Ана — тіршіліктің гүлі,
отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі.
Дүниеде қаламы жүйрік жазушы да, данышпан ғалым
да, ел бастаған көсем де, сөз бастаған шешен де ана
көкірегiнен нәр алып өскен. Ана — барлық өмірдің
бастауы. Ол өз сәбиін мәпелеп өсіреді, жақсы болуын
қалайды. Адам бойындағы барлық асыл қасиеттер
күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен дариды.*

Ана — ұлы адам, қасиетті жан.

«Ана-гүл, ана-өмір шуағы»

A vibrant field of pink cosmos flowers in full bloom, set against a clear blue sky. The flowers are the central focus, with some in sharp focus in the foreground and others blurred in the background, creating a sense of depth. The overall mood is bright and cheerful.



Халықаралық әйелдер күні

Тарихта әйелдердің теңқұқықтық жолындағы күресіндегі (шеру) ынтымақтастық күні ретінде пайда болды. 1975 жылы- Халықаралық әйелдер жылы боп аталғаннан кейін, сол жылдан бастап БҰҰ ресми түрде 8 наурыз күнін -**Халықаралық әйелдер** күні етіп бекітті. Әр жылдың 8 наурызында тойланатын болды.



*Ана десем шешек ашып жанары,
Өмірімнің бастау алар ажары.
Ана деген тіршілікке пана боп,
Әрбір үйде жұлдыз болып жанады*

«Ана қадірі»

бейнеролик

«Мен үшін ана...»

сөйлемді жалғастыр



Мақалдың жалғасын тап

Алып анадан туады,
Ат биеден туады.

Ананың алақаны –
балаға айддынды қоныс.

Ана сүтін ақтамағанды
Ешкім жақтамайды.

Атыңа ауыр жүк артпа,
Анаңа ауыр сөз айтпа.

Анасын сыйламағанды адал деме,
Ұстазын сыйламағанды адам деме.

Тапқан ана емес,
баққан ана.

Анаңа рақым етпесең,
Балаңнан рақым күтпе.

Ананың ізін қыз басар,

Әкенің ізін ұл басар.

Анасын көріп
қызын ал.

«Абзал ана»

караоке



Жылы сөз

Аналарга тілек



Ана- барлық өмірдің бастауы. Ол адамды өмірге әкеледі, оны тәрбиелейді, өсіреді. Адам бойындағы барлық асыл қасиет күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен дариды. Ана - ұлы адам, Ана-күдіретті жан, ендеше бүгінгі мерекелік *«Ана-гүл, ана-өмір шуағы»* атты ашық тәрбие сағаты өз мәресіне жетті.